

**Шымкент қалалық мәслихатының 2006 жылғы 24 наурыздағы N 27/239-3с " Шымкент қаласының аумағындағы құрылыс жүргізу Қағидасы туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 16/163-4с шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 қаңтарда N 14-1-87 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Шымкент қаласы Әділет басқармасының 2010 жылғы 5 мамырдағы N 1-10444/02 хатымен

*Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Шымкент қаласы Әділет басқармасының 2010.05.05 N 1-10444/02 хатымен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 22-бабына сәйкес, қалалық м ә с л и х а т

**Ш Е Ш Т І :**

1. Шымкент қаласының аумағындағы құрылыс жүргізу Қағидасы туралы Шымкент қалалық мәслихатының 2006 жылдың 24 наурыздағы N 27/239-3с ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 14-1-27 нөмірімен тіркелген, 2006 жылдың 14 сәуірінде "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған, қалалық мәслихаттың 14.04.2008ж. N 9/80-4с Шымкент қалалық мәслихатының 2006 жылғы 24 наурыздағы N 27/239-3с "Шымкент қаласының аумағындағы құрылыс жүргізудің Қағидасы туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 14-1-75 нөмірімен тіркелген, 2008 жылдың 30 мамырында "Шымкент келбеті" газетінің 22 нөмірінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) 9-1 тармағы мынадай жаңа редакцияда жазылсын;

9-1) Өтініште: жер телімін пайдаланудың мақсаты; оның болжамды мөлшері; орналасқан жері; сұралатын пайдалану құқығы, өтініш білдірушілердің реквизиттері (мекен жайы, телефоны көрсетілумен, басқа жер телімдерінің ( Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50-бабы 2-тармағында аталған жер

телімдері бойынша) болуы (болмауы) көрсетілуі тиіс.

Пайдалы қазбалар шығарылатын жағдайда өтінімге жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың көшірмесі қоса беріледі.

9-2) тармағында "мүдделі тұлғаның арызын (қолдаухатын) тіркейді және" деген сөздерден кейін "нормативтік құқықтық актілермен қарастырылған жағдайларда" деген сөздерімен толықтырылсын.

9-5) тармағы келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: Объекті құрылысын салу үшін жер учаскесі сұралған кезде жер учаскесін таңдау алдын ала жүргізіледі, оны Шымкент қаласы әкімдігі құраған арнаулы комиссия жүзеге асырады .

Объект құрылысын салу үшін, жер телімдерін таңдау нәтижесі ал қажет болған жағдайларда және оның күзет немесе санитариялық-қорғау аймағын белгілеу үшін, Шымкент қаласының жер қатынастары бөлімімен жер телімдерін таңдау туралы актісімен рәсімделеді. Осы актіге әрбір жер учаскесін таңдаудың ықтимал нұсқаларына сәйкес олардың шекарасының жобалары қоса тіркеледі.

9-6) тармағында "жер учаскесі бойынша құжаттарды" деген сөздерден кейін " жер учаскесін таңдау актілері және жер учаскесі шекарасының жобалары және өзге де құжаттар" деген сөздермен толықтырылсын.

9-13) тармағында "қол қойылу үшін жолдайды" деген сөздерден кейін " белгіленген төлем ақы жасалғаннан соң" деген сөздерімен толықтырылсын;

2. Осы шешімнің орындалуы Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Е.Білісбековке және жер қатынастары бөліміне (С.Жансеитов) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы* *Е. Зорбанов*

*Қалалық мәслихат хатшысы* *Н. Джарболов*